

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**Аналар кеңесі****№ 1 ХАТТАМА**

«7» 09 2020ж.

Төрайым: Жантаева А.М

Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар: Аналар кеңесінің төрайымы Жантаева А.М., Аналар кеңесінің мүшелері**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Аналар кеңесінің жылдық жоспарын талқылау және бекіту.

Сөз Алған – Қазақстан Республикасында коронавирус пандемиясы бойынша төтенше жағдайға байланысты, көпшілік іс-шараларды өткізуге шектеу мен тыйым салуларға байланысты М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті қашықтықтан оқыту әдісін қолдана отырып, іс шаралардың онлайн режимінде өтілуі ұсынылып отыр.

Аналар кеңесі қызметінің негізгі өзегі азаматтық борышты, жоғары руханилықты және Қазақстан халқының мәдени дәстүрлеріне адалдықты бейнелейтін "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын насихаттау және өсіру болып табылады. Осыған байланысты, қызметтің негізгі мақсаты мемлекеттің базалық негізі ретінде отбасын нығайту және отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарды жаңғырту, отбасы мен неке саласындағы қазіргі келеңсіз үрдістердің алдын алу болып табылады. Аналар кеңесінің төрайымы Жантаева А өз пікірін айтып, шын мәнінде отбасының негізгі құндылықтарына баса назар аударып, еліміз үшін келелі мүмкіндіктердің жемісі болмақ екенін және өскелең ұрпақ үшін қажет дүние екендігін атап көрсетті. Бүгінгі таңда қоғамда отбасы және бала тәрбиесінде кейбір көпбалалы отбасылар үшін қоғамда кикілжін оқиғалар туындап отырғандығын тілге тиек етіп, осы мәселені әрі қарай қиындатпау үшін Аналар қауымы бірге жұмылып ұрпақтарымыздың бейбіт өмір сүруіне, ұлт болашағын тәрбиелеуде елеулі еңбек етуіміз қажет. Осыған орай Аналар кеңесінің жылдық жоспарында әр тоқсан сайын аналар кеңесінің бір отырысын өткізу және кеңес мүшелерінің – жұмыс бағыттарының кураторларының қатысуымен әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу », -деп түйіндеді

Шешімі:

1. Аналар кеңесінің жылдық жоспарын бекітілсін.
2. АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН университет сайтына ұсынылып өткізілсін.

Төрайым _____ Жантаева А.М.

Хатшы _____ АЙНАБЕКОВА И.Т.

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті

Аналар кеңесі

№ 2 ХАТТАМА

09.10.2020 жыл

Төрайым: Жантаева А.
Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар: Аналар кеңесінің төрайымы Жантаева А.М., Аналар кеңесінің мүшелері, студенттер, оқытушылар және қонақтарымыз жеке кәсіпкер Маханова Майра мен көп балалы ана Кадирова Салтанат

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Студенттердің өз халқының мәдениетін құрметтеуге, қолөнер бұйымдарын меңгеруге үйрету, «Әже менен анадан, мирас болған бұл өнер» атты онлайн шеберлік сағаты

Сөз Алған - келешек ұрпаққа қазақ халқының ұлттық өнерін дәріптеу, тапсырманы орындауға және білім іскерлігін жаңа жағдайға бейімдеу, жарысу арқылы оқушылардың бәсекелесу қабілеттерін арттыру. Тұңғыш президент – елбасы нұрсұлтан назарбаевтың «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылған іс шараға жеке кәсіпкер қолөнер шеберлері маханова майра мен көп балалы ана кадинова салтанат қатысты. Сонымен бірге қазақ қолөнерінің бірі құрақ құрау көрсетілді, құрақ құрау бұл аса шеберлікті, шыдамдылықты қажет ететін қолөнер түрі екенін қолөнер шебері майра маханова жастарға ақыл-кеңесін айтты. Олар бүгінде үлкен шеберхана ашып, шәкірт тәрбиелеп, өз туындысын елге танытып жүр. «Шебердің қолы алтын» дейді дана қазақ. Халқымыздың мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтың бірі – қолөнер. Қай елдің болмасын, ұлттық дәстүріне қарап, әрбірінің кешегісі мен бүгінінен сыр шертуге болады. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен қолөнерді қадірлеу, оны дамыту және келер күнге қалдыру – басты міндетіміз. Осы орайда қаншама қолөнер шебері көз майын тауысып, тарихтың тереңіне үңіліп, көне жәдігерлерді қайта жаңғыртуда. Жиынның да басты мақсаты – қолы ұста жандардың өнерін жас буынға дәріптеп, қыр-сынынан тәжірибе бөлісіп, пікір алмасу.

Десе де, соңғы кезде осы салаға көп көңіл бөлініп келеді. Жастардың қызығушылығы арта түсті. Осыдан кейін жыл сайын қолөнершілер саны артып, сапалы, тың дүниелер өмірге келеді деген сенім бар, – деді қолөнерші көп балалы ана Салтанат Кадирова.

Қолөнер – халқымыздың қасиетімен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тамырын тереңге жайып келе жатқан асыл мұра. «Әже менен анадан, мирас болған бұл өнер» атты онлайн шеберлік басқосуға келген әрбір қолөнер шеберлері өзінің тәжірибесімен бөлісіп, алдағы уақытта жеке-жеке шеберлік дәрісін өткізуге де келісті. Осы орайда қатысқан студенттер мен оқытушылар өздеріне ой түйіп, қызығушылық танытты.

Шешімі:

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын.
2. Студенттердің өз халқының мәдениетін құрметтеуге, қолөнер бұйымдарын меңгеруге үйрету «Әже менен анадан, мирас болған бұл өнер» атты онлайн шеберлік сағаты университет сайтына ұсынылып өткізілсін

Төрайым
ХАТШЫЖантаева А.М.
АЙНАБЕКОВА И.Т.

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті

Аналар кеңесі

№ 3 ХАТТАМА

22.10.2020 жыл

Төрайым: Жантаева А.
Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар: Аналар кеңесінің төрайымы Жантаева А.М., Жамбыл облысы, Тараз қаласының әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Елу жылда- ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Сүйімкүл Шарапат Батырбекқызы Аналар кеңесінің мүшелері, студенттер, оқытушылар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Жамбыл облысының мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығында «Балаларға қамқорлық» қайырымдылық іс- шарасы

Сөз Алған Қайырымдылық- ізгіліктің нақты көрінісі болып табылады. Қайырымдылық адамның асыл қасиеттерінің бірі. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйреніп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Мұқтажы өтелген жанның қуанышын көру, батасын алып, ризашылығына бөлену шынында керемет сезімге бөлейтініде рас.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Тараз қаласының әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Елу жылда- ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Сүйімкүл Шарапат Батырбекқызы мен М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы, аналар кеңесінің төрайымы Жантаева Ардак Мықтыбекқызының, кафедра ұжымының қолдауымен Жамбыл облысының мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығында шарапаты мол қайырымдылық іс -шара ұйымдастырып өткізілді. Бұл іс шараның мақсаты мұқтаж жандарға қайырымдылық пен рухани демеу беру болатын. Орталық ғимараттың ауласындағы балалар алаңына арнайы газон сыйға тартылды. Кездесу барысында аталған мекеме басшысы Шлыкова Марал Мұхаммедсафақызы және ұжым қызметкерлері мен ата- аналар бірігіп университеттен келген қонақтар алдында сөз сөйлеп, ыстық ықыластары мен алғыстарын білдірді. Мекеме қызметкерлерінің ауыр жұмыстарымен танысып, оларға келешекте жаңа табыстар тіледік. Болашақта еліміздің өркендеуіне білімді жастар ғана биік асулардан аса алатынын ескерсек, балаларға жасаған қамқорлық елімізге еселеп қайтатыны анық. Ел тірегі -ертеңіміздің кепілі болған жас ұрпақ!

Шешімі:

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын және университет сайытына ұсынылып өткізілсін

Төрайым _____ Жантаева А.М.
Хатшы _____ АЙНАБЕКОВА И.Т.



Аналар кеңесі

№ 4 ХАТТАМА

30.10.2020 жыл

Төрайым: Жантаева А.
Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар: «Экономика» кафедрасының студенттері мен оқытушылар құрамы, аналар кеңесінің кеңесінің мүшелері және қонағымыз ҚР Парламент мәжілісінің V шақырылымының депутаты, қоғам қайраткері, «Үш байлық» қоғамдық бірлестігінің басшысы Оразкүл Асанғазықызы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

«Рухани жаңғыру - берекелі шаңырақтан басталады» атты тақырыбында М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университетінің «экономика» кафедрасының ұжымы мен Жамбыл облысы, Тараз қаласының әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Елу жылда- ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Сүйімкүл Шарапат Батырбекқызының ұйымдастыруы барысында ҚР Парламент мәжілісінің V шақырылымының депутаты, қоғам қайраткері, «Үш байлық» қоғамдық бірлестігінің басшысы Оразкүл Асанғазықызымен онлайн кездесу өткізілді.

Сөз Алған - Барлық өнеге отбасынан басталады. Әр адамның өмірінде отбасы, оның өзіндік санасының қалыптасуының алғашқы баспалдағы болып табылады. Отбасында баланың қарым-қатынас жасауындағы біліктілігі мен дағдысы жетіліп, оның адамгершілік бейнесі мен кәсіби өзінің орнын өзі табу қабілеті қалыптасады. Отбасы ұлттың, елдің, әлемнің, адамзаттың негізі және сондықтан да отбасында дұрыс қарым-қатынас орната білу қажет. Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасы қоғамның негізгі бөлігі, ұрпақтар тарихи сабақтастығының, мәдениеттің, рухани құндылықтардың қазынасы болып саналады.

Кездесу барысында ҚР Парламент мәжілісінің V шақырылымының депутаты, қоғам қайраткері, қазақ қызына тән өжеттік пен батылдықты бойына сіңірген Оразкүл Асанғазықызының жастарымен онлайн кездесуінде аға, орта, жас буын өкілдеріне ұлттық болмысымызды қалай сақтап қалудан бастап, отбасы құндылықтарын ұрпақ жадына сіңіру жағын талқылады.



Отбасы деңгейіндегі мәселе шешілсе, онда барлық мәселе шешіледі. Өйткені, Отан – отбасынан басталады. Қазіргі қоғамда сол отбасының іргесі сөгіліп, кеше ғана сүйіп қосылған жастардың жұбынан ажырап кетіп жатқан жағдайы жиілегені өкінтеді. Оған бірден-бір себеп – ақпараттық ағын, әлеуметтік желінің кейбір кері әсерлі «кеңестері». Жастардың әлеуметтік желідегі сондай жосықсыз әдеттерге елітіп, отбасының шырқын бұзып алып жатқаны ойлантатын мәселе. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында айтылғандай, кез келген ұлт өзінің ұлттық кодынан ажырамаса, онда ол ел адаспайды. Ұлттық код деген – тарих. Біздің кезімізде тарих дұрыс оқытылмады. Біз өз ұлтымыздың тарихынан, тамырынан ажырап қалдық. Ал қазір тарихтан тәмсіл алуға да,

ұлттық құндылықтарымыздың тамырынан нәр алуға да барлық игілік бар. Ата-бабаларымыз бізге көлемі жағынан әлемде 9-орын алатын кең байтақ жер қалдырды. Ұлттық болмысымыз бен қазақи қалпымызды ерекшелейтін дәріпті дәстүр-салт, қастерлі құндылықтар қалдырды. Соның бірі, мәселен, тағлымды тарихымызда енелер келінін бауырына тартып, қамқорлық танытып, оған ұрпағын өрбітетін адам ретінде оң көзқараспен қараған. Ал қазіргі кейбір енелер келіндеріне тәрбие берудің орнына, тырнақ астынан кір іздеп, үйден қуып шыққанша асығады. Келінді шаңырақтың шегесі қылып бекіту – есті ененің еншісінде. Отбасы беріктігі, ұрпақ тазалығы жолында ер азаматтарға жүктер жүк те жеңіл емес. Ата-бабамыз қызға «қонақ» деп төрден орын беріп, парасаттылыққа баулып өсірген. Қазекем өрісін кеңейтер қыз баланың тәрбиесін басты назарға алып, сыпайы, ізетті де ісмер, қылықты болуын қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркелетпеген. Қызға «жат жұрттық» қонақ ретінде жас күнінен отбасының бірлігін сақтаушы, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде тағылымды тәрбие берген. «Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, оның жүріс-тұрысы мен киім киісі – тәрбиенің негізі болған. Атам қазақ қызды өрісім деп құрметтесе, ұлды шаңырағымның ұстыны деп оның тәрбиесіне ерекше мән берген. Жігіт үйдің ғана қорғаны емес, елдің де қорғаны. Сондай адал, нағыз ерді табу әрбір бойжеткеннің арманы. Жігіттер сүйген қызының сезімін аялап, сол арумен отау құрып, ақ некені таза ұстаса, таза ұрпақ өрбиді. Сондықтан: Еркек үйдің- егесі, әйел - оның шегесі, мықты болса егесі, майыспайды шегесі -деп айтқан болар едім. Ал қыздарға айтарым, жалғыздық құдайға ғана жарасқан. Қыз баланың бақыты – басына жабылған ақ жаулығы, келін боп аттаған табалдырығы. Табалдырықтан асқан тау жоқ. Өкінішке қарай, қазір кейбір келіндер енесінің қатаң тәрбиесі мен тәртібіне төзе алмай, сол таудай табалдырықтан кері аттап кетіп жатыр. Сондай келіндерге айтарым, үндемеген үйдей пәледен құтылады. Енесі бір сөз айтса екі сөз қайтаратын келін отбасының берекесін кіргізбейді. Ата-еңеңе қалай қызмет қылсаң, уақыты келгенде келінің соның бәрін айна-қатесіз алдыңа әкеледі. Еріңді бағаласаң, оның ата-анасын де құрметтей біл! Еркектің бағын құдай артық қылып жаратқан. Өзім 45 жыл ағаларыңнан жоғары-төмен қызмет істедім. Бірде-бір рет бетіне келіп көрмеппін. Үйдің табалдырығын аттағаннан, мен – әйелмін. Сендерге айтарым, еріңнің сөзін екі етпегендерің абзал.

Ашық, еркін форматта өткен онлайн кездесуде қатысушылар Оразкүл Асанғазықызына көкейдегі сауалдарын қойды. Оразкүл Асанғазықызы қысқа ғана уақыт ішінде отбасы, қоғам, ұлттық код, дәстүр сабақтастығы туралы тұшымды ойларын ортаға салды. Келісті кездесудің құтты қонағы ұлтын ұлықтаған азамат жастарды өз елін-жерін сүйуге, ана тілін шұбарламауға үгіттеді. Жас ұрпаққа отбасының маңыздылығын ұғындырған бұл кездесу оларға рухани байлық сыйлады. Кездесуде отбасылық құндылықтардан бөлек тіл мәселесі мен тарих және ұлттың болашағы да тереңінен талқыланды. Өнегелі отбасы арақсында мемлекет те өркендейді, халықтың әл-ауқаты жақсарады. Отбасында тәрбие алып жатқан әр бала өз бойындағы мінезі мен қасиеттерін, ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті ең алдымен отбасында, ата-ананың тәрбиесімен сіңіретіні анық. Сондықтан да баланың тәрбиелі жан - жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы өте маңызды.

Шешімі:

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын.
 2. Жас ұрпаққа отбасының маңыздылығын ұғындырған бұл онлайн кездесу
- УНИВЕРСИТЕТ САЙЫТЫНА ҰСЫНЫЛЫП ӨТКІЗІЛСІН



М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті

Аналар кеңесі

№ 5 ХАТТАМА

12.11.2020 жыл

Төрайым: Жантаева А.

Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар: Университетіміздің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі бөлімнің қызметкері, дінтанушы Бахтияр Қаржаубайұлы Алпысбаев, аналар кеңесінің төрайымы мен мүшелері, «Экономика және құқық» факультетінің оқытушылары мен студенттері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

«Дәстүрлі емес діни ағымдардың салдары және оны алдын алу» тақырыбында қоғамдағы діни профилактикалық жұмыстарды күшейту мақсатында іс шара


Сөз Алған Аталған кездесуге университетіміздің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі бөлімнің қызметкері, дінтанушы Бахтияр Қаржаубайұлы Алпысбаев мырза дінтанушы маман ретінде шақырылып, еліміздің дін саласындағы мемлекеттік саясатының бағыт-бағдарын жүзеге асыруына байланысты сұрақ-жауап ретінде өз пікірмен бөлісті.

Аталған іс – шарада қонағымыз жастардың дәстүрлі емес діндерге өтулерінің әлеуметтік және психологиялық себептерін атап көрсетті. Теріс діни ағымның құрбаны болатындырдың басым көпшілігі діни сауатсыз жастар. Осы орайда студент жастарға діни ағымдар жөнінде кеңінен мағлұматтар берілді. Жастар тәрбиесі қай заманда да қоғамның өзекті тақырыбына айналған. Халық даналығының: «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың», -деген нақылы осыдан қалса керек. Ал, бүгінгі өскелең ұрпақты ата-салты мен дәстүрінен алшақтататын адастырушы ағымдардың айы оңынан туып тұр. Мұның салдарынан бұрын баласы дінге берілсе қуанатын ата-ана қазір қорқатын дәрежеге жетті. Тек жат пиғылды ағымдардың жетегінде кетпей ақ пен қараны ажырата алған жөн. Ал бұған қарсы тұру үшін жеке тұлғаның құқықтық және діни сауаты маңызды рөл атқарады. Ал жастардың құқықтық және діни сауатын арттыру, жүйелі шаралар өткізу, діни ағартушылық бағдарламалар ұсыну, жоғары білім беру саласында аталмыш олқылықтың орнын толтыру үшін жасалып жатқан шараларды одан әрі жетілдіру шараларын жүзеге асыру баршамыздың міндетіміз.

Шешімі:

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын және университет сайытына ұсынылып өткізілсін

Төрайым _____ Жантаева А.М.
Хатшы _____ АЙНАБЕКОВА И.Т.



М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті**Аналар кеңесі****№ 6 ХАТТАМА**

27.11.2020 жыл

Төрайым: Жантасева А.
Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар: Аналар кеңесінің төрайымы мен мүшелері, «Философия және саясаттану» кафедрасының доценті Таирова Бағила және еменова Гүлнар Болатбековна, «Экономика және құқық» факультетінің оқытушылары мен студенттері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

«Прагматизм: жастардың қоғамдық санасын жаңғыртудың негізі» тақырыбында пікір сайыс

Сөз Алған Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай

бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс.

Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.

Шешімі:

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын және университет сайытына ұсынылып өткізілсін

Төрайым _____ Жантаева А.М.
ХАТШЫ _____ АЙНАБЕКОВА И.Т.



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ


М. Х. Дулати атындағы ТарӨУ-ң Экономика кафедрасының ұйымдастыруымен
«Прагматизм: жастардың қоғамдық санасын жаңғыртудың негізі»
тақырыбында пікір сайыс.

Модератор: «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы
Жантаева Ардақ Мықтыбекқызы

Спикер: «Философия және саясаттану» кафедрасының аға оқытушысы Еменова Гүлнар Болатбековна

Спикер: Философия ғылымының кандидаты, доцент Таирова Багила Лесқызы

 27 қараша, сағат 14:30
Идентификатор: 2470765013
Пароль: 1DsBQZ



The screenshot shows a Zoom meeting interface. On the left, there are video thumbnails for participants: Амина Байдашева, Ардақ Жантаева, Гүлнара Еменова, and Багила Таирова. On the right, there is a list of participants (Участники (24)) with their names and status icons. The list includes: Ардақ Жантаева (М), Исакова Гульзат (Организатор), Гулбану Демеева, Меркі ауданы 34жББМ Исра..., Анисова Назыгуль, Байдашева Әмина Оценка, Шарапат Сүйімкүл, Эльмира Тайбекова, Akbota Sagyngali, Daryn Asyqbek, Айдарбеков, and Айтжанов Бағдаулет. At the bottom, there is a 'Пригласить' button.

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Аналар кеңесі

№ 7 ХАТТАМА

20.11.2020 жыл

Төрайым: Жантаева А.
Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар:

Жамбыл облысының Атамекен өңірлік кәсіпкерлер палатасының бизнес бастау жобасының бизнес тренері Исакова Гульзат Қуанышбайқызы, аналар кеңесінің төрайымы мен мүшелері, «Экономика және құқық» факультетінің оқытушылары мен студенттері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

«Гендерлік саясатты іске асыру бағытындағы әйелдердің бизнесте алатын орны» тақырыбындағы онлайн форматта өткізілетін іс шара

Сөз Алған Аталған кездесуде осы үдеріске «Бастау» жобасын жүзеге асырудың жүйесін нақтылады, жақсы негіз екенін түсіндірді. Жоба «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен жүзеге асырылуда. Жоба шымамен 30 мың адамға кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік берді. Бастау» жобасы жұмыссыздықпен күрес және жаппай кәсіпкерлікті дамытуда тиімді құрал болып табылады. 2017-2020 жылдар аралығында 44 945 жұмыс орны құрылды және 29 965 шағын бизнес субъектісі ашылды. «Бастау» жобасына болған әлеуметтік және экономикалық тиімділік туралы айтқан кезде біз неден бастағанымыз жайында ұмытпауды сұраймын. Тыңдаушымыздың орта статистикалық портреті – ол жұмыссыз, бизнес жүргізуде ешқандай тәжірибесі жоқ өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам. Бағдарламамыздың шеңберінде мақсатымыз мынадай – әр қатысушының қолынан ұстап, шағын қадамдармен табысты әрі тиімді кәсіпкерді өсіру. Бағдарлама жас, бірақ қазірдің өзінде жақсы нәтиже беруде, нәтиже қалағанымыздай жоғары болмаса да, ұзақ мерзімді перспективада бұл тұтастай алғанда ел экономикасына мультипликативті әсер етуі мүмкін. Оқыту және жобаларды сүйемелдеу шеңберінде біз атқарып жатқан жұмыс ұзақ уақыт бойы және тұрақты негізде жүргізілуі керек, сонда ғана біз мақтануға болатын тиімділікке қол жеткізе аламыз. Биыл оқу курсы қандай шарттар бойынша және қалай жүзеге асырылатыны жайында сұрақтарға жауап берілді: Биылдан бастап офлайн оқытудан бөлек, 14 облыс орталығы мен 3 ірі қалада Atameken Academy платформасында онлайн оқытуды іске қосамыз. Оқу бағдарламасы ауыл шаруашылығы малын күту және бордақылаудың технологиялық процесін білуде дағдыларды күшейту, түпкі өнімді өңдеу және өндіру, кепілдендірілген өткізуді қалыптастыру, электронды коммерция дағдыларына оқыту және жүзеге асырылатын бизнес жобалар бойынша біліктілікті қалыптастыруға негізделеді. Оқыту өткен жылдардағыдай 12 модульден тұратын болады. Жоғарыда аталған бағыттар бойынша мазмұн өзгереді. Сонымен қатар оқыту басында жоба қатысушыларының біліктілік деңгейін нақты түсіну үшін тыңдаушыларымыздың білім деңгейіне өлшемшарт жүргіземіз. Оқыту процесінде біз аралық тестілеуді қарастырамыз, аталған тестілеу

ақпаратты ігеру үдерісін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл шара тренер үшін және оқыту қатысушысына да пайдалы. Егер адам аралықты тестілеуден екі рет өтпей қалса, онда ол топтан шығарылады. Осылайша оқу аяғына дейін біз сапалы дайындалған кәсіпкерлерді шығарамыз. Жобадағы осындай өзгерістер не үшін жасал,андығыжайында ашып айтылды . Аталған бағдарламаны іске асыру уақыттан (2017 жыл) бастап біз жүзеге асырылған жобаларға мониторинг жүргізіп келеміз. Мұндай жұмыс іске асырылған жобаларды талдауға және оларды уақтылы жетілдіруге «Бастау» жобасын модернизациялауға көмектеседі. Қазіргі таңда тыңдаушыларымыздағы дағдыларды сапалы қалыптастыру процесін күшейту қажет екенін нақты түсініп отырмыз. Атап айтқанда сату, коммуникация, өндіріс технологияларын білуге қатысты дағдылар. Сондай-ақ біз бір орында тұрмай, нарық қажеттілігін жіті бақылаудамыз. Жобаға қатысу үшін қалай өтінім беру керек екендігін де толық айқындап берілді. «Бастау» жобасына жас ерекшелігіне қарамастан жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамығандар, еңбекке жарамды мүгедектер, оралмандар, көшіп келгендер, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың мүшелері, бизнесі 3 жылдан аз уақыт жұмыс істеп жатқан жеке кәсіпкерлер қатыса алады. «Бастау» жобасына қатысу үшін қалаңызда немесе ауданыңыздағы Кәсіпкерлер палатасы филиалының көмегіне жүгіну қажет, сондай-ақ онлайн өтінімді Atameken Academy платформасында беруге болады. Осы орайда студент жастарға университетімізде Жамбыл облысының Атамекен өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірігіп ұйымдастырылып отырған жоба арқылы студенттер соңғы курста «кәсіпкерлік негіздері» пәнін оқу арқылы сертификатқа ие бола алады және сол сертификат арқылы болашақта өз бинесін,яғни кәсібін ашуға мүмкіндік табады ,бұл жоба келешек жастарымызға үлкен жол ашпақ .

Шешімі:

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын және университет сайтына ұсынылып өткізілсін

Төрайым
ХАТШЫ

Жантаева А.М.

АЙНАБЕКОВА И.Т.

